

Ілияс Есенберлин “ Қаһар” романы тіліндегі кездесетін диалектілік ерекшеліктер.

Орындаған: Ерденова Гүлдана

ҚҚ-21 топ

Тіл білімінің диалектілер мен сөйленістерді зерттейтін саласы – **диалектология** (диалектос-сөйлеу, сөйленіс,

логос – ілім деген грек сөздерінен құралған) деп аталады.

Диалектологияның міндеті - жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу, Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі сөйленістер мен диалектілерді зерттейді. Диалект сөйленіс пен халықтық я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз. Олар жалпы тілге тән ортақ белгілерден өзгеше ерекшеліктерді қамтиды.

- Қазақ диалектологиясы ғылымын сөз еткенде осы саланың бастау-көзінде тұрған профессор Сәрсен Аманжолов пен Жұмат Досқараевтың, акад. Нығмет Сауранбаевтың есімдері ерекше аталады. С. Аманжоловтың іргелі зерттеу еңбегі (1959), Ж. Досқараевтың монографиясы мен сөздігі (1955) тіл тарихы мен қазақ диалектологиясы саласында ашылмаған аралдардың көптігін көрсетіп берді. Сол жылдарда ғылым жолына түскен жас зерттеушілер Шора Сарыбаев, Ғабдолла Қалиев, Сапарғали Омарбеков, Әбілбек Нұрмағамбетов, Жамалбек Болатов, Оқас Нақысбеков, Тұрап Айдаровтар осы салаға бар ғұмырларын арнап, іргелі еңбектер жазды, докторлық диссертацияларын қорғады,
- жаңа буын шәкірт дайындады.

- Қазақ диалектологиясының алғаш зерттелу және қалыптасу тарихы профессор **С.Аманжоловтың** есімімен байланысты. С.Аманжоловтың ғылыми мұрасында қазақ тілінің диалектологиясы туралы еңбектері басты орын алады. Оның 1959 жылы шыққан **«Вопросы диалектологии и истории казахского языка»** атты күрделі еңбегі автордың диалектология мен тіл тарихы саласында көп жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесі еді.

С.Аманжолов қазақ тілінде 3 диалектіні атап көрсеткен:

1. Оңтүстік диалектісі -

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарын және Талдықорған мен Қызылорданың кейбір оңтүстік аудандарын қамтиды.

2. Батыс диалектісі –

Батыс Қазақстан, Гурьев, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарын және Қызылорданың солтүстік аудандарын, Қостанайдың кейбір батыс аудандарын қамтиды.

3. Солтүстік-шығыс диалектісі –

Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын және Қостанай мен Талдықорған облыстарының кейбір аудандарын қамтиды.

Ғалым **Ғ.Мұсабаев** қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді
говорлық сипатта деп қарап, оның 2 түрін көрсеткен:

**ауыспалы
говор**

**жергілікті
говор**

1. Ауыспалы говор.

Оған «басқа тілден жергілікті халықтың бір бөлігіне ауысып, басқаларына тарамаған тіл ерекшелігін» жатқызады. Мәселен, оңтүстікке өзбек, қырғыз тілдерінен, батыста татар, башқұрт тілдерінен, шығыста алтай, қытай тілдерінен сөз ауысып отырған. Осыдан барып сол тілдерден сөз ауысқан жерлерде ауыспалы говор пайда болған деп түсіндіреді. Мысал ретінде өзбектен енген пахта (мақта), кәттә (үлкен), қырғыздан енген тайған (тазы) сөздері келтіріледі.

2. Жергілікті говор.

Автор жергілікті говорды жасайтын арна ретінде бұрынғы ру, тайпа тілдерінің қалдығымен белгілі территорияда ғана қолданылатын дублетті сөздерді көрсетеді. Алғашқысы бұрынғы «тайпа диалектісінің қалдығымен», кейінгісі «жергілікті экономикалық жағдаймен» байланыстырылады. Оған түрліше географиялық, жан – жануар, өсімдік атаулары мен кәсіптік сөздердің әдеби тілге енбейтін дублеттері жататыны айтылған.

2014 жылы жарық көрген

Шора Сарыбаевтың

«Қазақ тіл білімінің мәселелері»

атты еңбегіне диалектология деген жеке бөлек тарау берілген. Диалектология деген тарауда Батыс Қазақстан экспедициясынан жиналған материалдар енгізілген.

Жымпиты, Чапаев жағы	Орал, Жәнібек жағы
Дөңгелек // доңғалақ	Тегершік дөңгелек
Кләд	Бұрыс
Мәс	Ату
Жез таба	Ләгөн
Таба нан	Өтпек

Н.А.Баскаковтың «Ногайский язык и его диалекты» (М., 1949) деген еңбегінен алынған сөздер	Жәнібек, Орда жағы	Чапаев, Жымпиты аудандары
Аданас (туған ағасын айтады)	Аданас (туысқан)	Тума
Ақа (аға)	Ақа (аға)	Аға – ақаның орнына көбірек тәте сөзі айтылады
Инкал (еттің наны)	Іңкәл	Нан
Шекке//шекки (таразы)	Шеккі (таразы)	Таразы
Тегершік (дөңгелек)	Тегершік (дөңгелек)	Дөңгелек

Нақысбеков Оқас

**«Қазақ тілінің оңтүстік
говорлар тобы»**

Алматы, 1994 жыл.

Оңтүстік
облыстарда

Қамыр, күлше

Ашық- машық

шошала

қақпатас

пияз

Шөп суырғыш

Бақыр, шелек

Орталық- солтүстік
облыстарда

Құлақ нан

топша

Еттік, шорам

Қақпақыл, қаржымақыл

Жуа, сарымсақ

Жұтпа, сүңгуір, шотаяқ

Бедре, қылдыбақыр

Әдеби тілде айтылуы
немесе беретін
мағынасы

Етке салатын нан

Топса, баспа темір топса

Ас қоятын үй

Қақпатас (ойын аты)

пияз

Шөп суыратын құрал

Шелек

Шымкент говоры



Бригадир күніге жұмыс басында болады;

Қызылорда говоры



Барсаңшы; барсай; айтқай; келгей.

Жетісу говоры



Уақтылы келдім; уақтымен келдім.

Есімболова Майра

**«Жетісу
сөйленісінің лексикалық
ерекшеліктері»**

Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның
АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы, 2001 жыл.

1 тарау: Лексикалық диалектизмдер және оның түрлі лексикалық топтарға қатысы

Құрылымы жағынан ерекшеліктер:

- ❖ Түбір тұлғалы: (зай-ылғал, далан – кіреберіс)
- ❖ Туынды түбірлі: (кірші-шылапшын, көкше-ауру аты)
- ❖ Тіркесті: (ошақ қазар, қоржын той – кәде түрлері)
- ❖ Семантикалық: (әке – қарағым, шырағым мағынасында қолд.)
- ❖ Лексика-фонетикалық: (ашты – ащы, ақа – аға)
- ❖ Жиілік: (шәйнек – аққұман, шыны – шай кесе)

2 – тарау. Жетісу тұрғындары тілінде кездесетін сөз тіркестерін мағыналық жағын ескеріп, екі топқа бөліп қарастырған:

Білдіретін мағынасын құрамындағы сөздердің лексикалық мәні арқылы айқындауға болмайтын тіркестер.

Албаты кету – есі кету.
База қылу - көзіне айту.
Жеміт болу – жалмандау.
Мият тұту – арқа сүйеу.

Білдіретін мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасына біршама қатысы болып келетін тіркестер.

Айырып айту – анықтап айту.
Ақыр тақырында – ақыр соңында.
Жат айту – жатқа айту.
Сү суғару – егін суару.

3 тарау: Лексикалық диалектизмдерді салыстырулар мен лексикалық айырмалар көрсетілген

Жетісу	Шығыс Қазақстан, Семей.	Әдеби тілдегі баламасы, мағынасы.
Ақсорпа	қойыртпақ	Сорпаға қосылған айран
Әкпе	әпеке	Бірге туған қыздардың жасы үлкені
Шанжа	Сырғауыл, уық	Арқалық үстіне салынатын ағаш
Шабак	бақай	Дөңгелектің күпшегі мен қимасы арасындағы ағаштар.
Тақия	Кепеш, қатырма	Тақия
Тапа\көмбеш	табадан	Таба
Шоқай	шарқай	Көн теріден істелген аяқ киім.



Жүсіпова Бибіхатша

**«Түркістан тұрғындары
тілінің ерекшеліктері»**

Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның
авторефераты

Алматы, 2003 жыл.

- Мүмкіндігінше Жетісу өңіріне тән сөздер қазақ тілінің басқа аймағынан жиналған материалдармен салыстырылып, оның өзіндік өзгешеліктерін анықтаған. Олар мыналар:

- ***1. Үй жай, қора-қопсы, бау-шарбаққа байланысты сөздер:***

- Там үй, тоқал там-шатырсыз үй.
- Далан-кіреберіс
- Муалы-азық-түлік, тамақ қоятын жер.
- Ақыр-малға шөп салатын жер т.б тіл ерекшеліктерін атап көрсеткен.

- ***2. Киім-кешек, көрпе-жастыққа байланысты сөздер қатарына***

- Жейде-еркек көйлек.
- Сарпай-шекпен

- Сыпырмай-аласа жиекті бөрік.

- ***3. Ыдыс-аяқ атауларына байланысты сөздер.***

- Кірқалта-жуған кір салатын қалта.

- Қолбақыр-үлкен темір ожау сөздерін атап өткен. Сонымен қатар, Жетісу сөйленісінің ерекшеліктерін зерттеу барысында :

- ***4. Тағам атауларына байланысты сөздер қатары көптеп кездеседі.***

- Атала- ұннан жасалған көже.

- Ашымал- бидай, тарыдан ашытып жасалған сусын тағам.

- Тапа нан//көмбеқазан- табаға пісірген нан

- Тоқаш- бауырсақ.

- Нан көже- қамырды жайып, үлкендеу етіп, кесіп пісірген нан.

1-тарау. Фонетикалық ерекшеліктер

Дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер

А мен Ә әрпі

Әйту-айту, бәте-бата,
дәстархан-дастархан,
әсіл-асыл, тәзә-таза,
жәмән-жаман, т.б.

Е мен А, Ә әрпі

Дәрәу-дереу, кәсәл-
кесел, айламан-
айламен, бекар-бекер,
т.б.

Ұ мен О әрпі

Оқсау-ұқсау, ұяну-
ояну, дұмалту-
домалту, тоспалдау-
тұспалдау, т.б.

Ұ мен Ы әрпі

Бызау-бұзау, жылу-
жұлу, тымақ-тұмақ,
ыста-ұста, былақ-
бұлақ, т.б.

**Дауыссыз
дыбыстарға
байланысты
ерекшеліктер**

**Ұяң б орнына қатаң п-
дауыссызымен айтылуы;**

Пайпақ-байпақ, пал-бал,
пата-бата, т.б.

Д мен Л әрпі

Алал-адал, таңлай-таңдай,
оңлау-оңдау, теңлік-теңдік, т.
б.

Қ мен Ғ әрпі

Ғүю-күю, ғыш-қыш, ғай жыл-
қай жыл, т.б.

2-тарау.

Лексикалық ерекшеліктер – диалектологиялық еңбектерде қалыптасқан үлгі бойынша олар түрлі лексика-семантикалық топтарға бөлініп талданады. Түркістан өңіріне тән сөздер қазақ тілінің басқа сөйленістерімен салыстырылып берілген.

Туыстық атауларға, адам аурларына байланысты сөздер;

Ая-шеше, апа өзінің туған анасы, кәнная-жеңеше, жеңга, бұрма-іш ауруы, т.б.

Әдет-ғұрып, ойын, ем-домға байланысты сөздер;

Аузаш-ауыз ашар, әш арауақ-түске кіретін әруақ, шекемтас-қақпатас ойыны, т.б.

Табиғат құбылыстарына байланысты сөздер;

Алтын күрек- қарды ерітетін жел, жасыл-найзағай, наша-бұршақ, керімсал-жазда соғатын ыстық жел, анызақ, т.б.

Түркістанның басқа сөйленістерден айырмашылығын көрсету үшін диссертацияда Жетісу, Шу, Қызылорда сөйленістерімен, Шығыс, Орталық-Солтүстік және Батыс сөйленістер тобымен салыстырулар берілген.

Түркістан	Жетісу	Шу	Әдеби тілдегі баламасы немесе мағынасы
Қара үй	Қазақ үй	Боз үй, киіз үй	Киіз үй
Қоржын там	Қоржын дорба үй	Қоржын үй	Ауыз үйден екі жаққа есік шыққан үш бөлмелі үй
Бастырма	Лапас	Түпкі үй	Төбесі жабық жан-жағы ашық жай
Қума там, түпкір там, түпкі там	Түп үй	Түпкі үй	Түпкі бөлме
Дәліз, айуан	Далан үй	Айуанхана	Ауыз үй, кіребес

3-тарау. **Грамматикалық ерекшеліктер** - негізінен жұрнақтар мен жалғаулардың қолданылуына байланысты

Жұрнақтарға байланысты өзгешіліктер (-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; -сай, -сей, -қын, -ғын; -ла, -ле);
Әлім **уақтылы** кетті; Олар: **қаттама** айтылуында, т.б.

-нікі, -дікі, -тікі жұрнағы арқылы тәуелдеу категориясы: **Меңікі-менікі. Меңікі** ондай емес; **Сіздеріңкі-сіздердікі. Онкі** дұрыс емес, т.б.

-ы, -і, -сы, -сі жалғаулары арқылы;
Бәрісі-бәрі, бірісі-бірі, достысы-досы, көбісі-көбі,
т.б.

Кейде бұл өңірде ілік септік – **дың-дің** орнына –**дын-дін** болып соңғы үнді **ң** дыбысының орнына **н** айтылады

**Мұхамбетов Жомарт
Ибатоллаұлы**

**«Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің
этномәдени мәні»**

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы, 2007 ж

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

I тарау

«Диалектизмдерді
лингвомәдениет
танымдық тұрғыдан
зерттеудің теориялық
негіздері»

II тарау

“Батыс Қазақстан
өңіріне тән
материалдық
мәдениетке қатысты
этнодиалектизмдер”

III тарау

“Батыс Қазақстан
өңіріне тән рухани
мәдениетке қатысты
диалектизмдер”

**Батыс Қазақстан өңіріне тән материалдық мәдениетке қатысты этнодиалектизмдер
былайша топтастырған:**

- үй-жай атауларындағы диалектизмдер;
- ыдыс-аяқ атауларындағы диалектизмдер;
- киім-кешек атауларындағы диалектизмдер;
- дене мүшелерінің атауларындағы диалектизмдер;
- тағам атауларындағы диалектизмдер;
- құрал-жабдық атауларындағы диалектизмдер;
- жануарлар атауындағы диалектизмдер;
- жер бедері атауларындағы диалектизмдер;
- өсімдік атауларындағы диалектизмдер.

Есенбай Анар Заманбекқызы

**«Сыр өңірі жазушыларының
тіліндегі жергілікті қолданыстар»**

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы, 2008 ж

Бірінші тараудың “**Көркем шығармадағы эмоционалды-экспрессивті лексика**” деп аталатын тараушада жазушылардың қолданыстағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің бағалауыштық мәні туралы сөз болады. Коннотация табиғаты, нақты айтқанда, экспрессивті-эмоционалдық және бағалауыштық микрокомпоненттер негізінде сипатталады

Диалектологтардың зерттеулерінде синонимдер екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы, бес, алта, жеті, сегіз сыңарлы синонимдік қатардан құралатыны айтылады.

Мысалы, екі сыңарлы **қолғап – биялай;**

үш сыңарлы **серне –деңгене – жора;**

төрт сыңарлы **бәкі – бекі – мұштар – шаппа;**

бес сыңарлы **ырғақ – шотеке – сүңгуір – шотаяқ – жұтпа**
(маядан шөп суырып алатын басы имек құрал);

алты сыңарлы **иінағаш – суағаш – мойынағаш – әпкіш –**
күйенте – құрамыс;

жеті сыңарлы **сіріңке – кәуірт – кеуірт – оттық – спешке -**
шпешке – шырпы;

сегіз сыңарлы **күнбағар – күләйлән – пісет – айбағар –**
шемішке – шекілдеуік – шемекі – күбағыс.

Екінші тараудың “**Көркем шығармалардағы этнографиялық ерекшеліктер**” деп аталатын тараушасында белгілі бір аймаққа ғана тән, басқа жерлерде қолданылмайтын немесе олардың түбегейлі ерекшеленетін заттар мен құбылыстардың аттары сөз болады.

Жалпы тілдік қолданыстың аймаққа тән өзіндік ерекшелігі, айырмашылғы болуы сол ортада өмір сүріп отырған халықтың идиоэтникалық тұрмыс тіршілігімен тығыз байланыста болып келеді.

Мысалы,

Жәмі – үлкен, кең деген мағынаны білдіретін белгілі орынды, ғимаратты сипаттауда қолданылатын сөз.

Бәңгі – Ауған, иран қазақтарының тілінде жиі қолдананылатын наша, әпиін, көкнәр секілді есірткі заттарды үзбей пайдаланатын адам мағынасын білдіретін диалект сөз.

Күләбі – Қазақстанның оңтүстік өңірінде және Түркімен, Ташкент, Ашхабад қазақтарының тілінде жиі ұшырасатын қабығы қатты, еті қалың суық күзге жақын пісетін хош иісті тәтті қауынды білдіретін диалектизм.

Шыртылдақ – Шымкент, Түркістан, Шәуілдір тұрғындары қолданатын үлкен қауынның бір түрін білдіретін сөз.

Жерағаш – Шымкент, Арыс тұрғындары жиі қолданатын жабайы соқа, ескі соқа мағынасын білдіретін диалект.

Атабаева Мереке Сатылғанқызы

**«Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың
ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ»**

Докторлық диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы, 2006 ж

Сөйленістер лексикасында сөйленіс иелерінің мәдени таным-түсінігін ұғынуға мүмкіндік беретін деректердің маңыздысы – үй-жай тақырыптық тобын құрайтын диалектизмдер екендігін атап көрсетеді.

Қара үй атауы Түрікменстанның Ашхабад, Ташауыз, Теджен аудандарында, Шиеліде, Қостанайдың Жанкелдин аудандарында кездеседі. Өзбекше – қора үй, түрікменше – гара өй киіз үй дегенді білдіреді. Сырдария бойының елі «киіз үй» деудің орнына, қазірге дейін «қара үй» дейді.

Жорған/жуырқан – көрпе мағынасында қазақ диалектісінің үлкен аймағын қамтиды. сен өз жорғаңды жамылып жат (Қост., Об., Түрікмен., Таш., Қарақ.). Қонақ балаға жуырқанның қалыңын бер (Алм., Еңб.)

Бұжы – түрікмен, Маңғыстау қазақтарында жаңа соойған қой етін бүйенге тығып әзірлеген тағам. Шұжыққа тоймасаң, бұжыға тоясың (Маң.)

Есенова Қырмызы Есеновна

**«Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті
атаулардың лингвомәдени сипаты»**

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы, 2009 жылы

Зерттеу 2 тараудан тұрады:

1-тарау. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы атаулардың прагматикалық табиғаты.

2-тарау. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдердің лингвомәдени семантикасы.

Қазақтың ұлттық киім атаулары ортақ болғанымен, әр өңірдің киім кию үлгісі бөлек. Бұл сол жердің табиғат ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар тұрғылықты халқының дүниетанымын да білдіреді.

Шарқат – шәйі орамал, әйелдер басына тартады, ер адамдар белбеу етіп байлайды. Мысалы: Бұның қарап тұрғанын сезіп қап, жалт бұрылып еді, жайнаңдаған қос жанар көкірегін шоқша қарып өтті, өкпелегені де, еркелегені де белгісіз, керме қасын оқыс серпіп жәудірей қарады да, шарқытын түзеді. Шарқыт сөзінің төркіні парсы тілі деп есептейді, чарқәд – бас орамал, жаулық. Түрікменстан қазақтарында қызыл шарқыт сөзі тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі ретінде қолданады.

Түйе шаруашылығына байланысты диалект сөздер:

1. Шудалары сала құлаш желкілдеген қос өркешті буралармен бірге, ор қояндай сидіған жаңа туған құлындай тықыр жүнді, арабы қызғылт нарлармен аралас, үстіне сегіз қанат үй тиегенде мыңқ етпейтін лөк тұқымдас **аруаналар**...

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 24-бет)

Аруана. (Қ. орда., Жаңақор.) Жаратылысынан бір өркешті, таза нәсілді, тықыр жүнді, суыққа шыдамсыз, өте сүтті, сидаң сирақ, ыстыққа, шөлге шыдамды ұрғашы түйе тұқымы.

(ҚТДС-73 бет)

2. Төрт баламен қалған Дәметкеннің бар күн көрері сүті бұлақтай боталы **інген**.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 66-бет)

ІНГЕН (Қ. орда., Жал.) Төрт-бес жас аралығындағы ұрғашы айыр түйе.

(ҚТДС-776бет)

3. Көбі **жарау**, құлынды жылқы аз.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 69-бет)

ЖАРАУ (Қ. орда., Қарм.) Келеге қосар алдында еркек түйелердің қыстыгүні масаңсып, беймазаланып, тісін қайрап, аузынан ақ көбігін бұрқыратып, табиғи түрде бірте-бірте өзін күйттей, бабына келтіруі.

(ҚТДС-267бет)

Мал шаруашылығына байланысты диалект сөздер:

1. Қой- ешкінің көпшілігі түбіт жүнді, арқар мүйізді теке, емшектері көлектей, мол сақалды тұқыл ешкі, топтан әлсін- әлсін бөліне жайылған бөрте лақ, жібек жүнді **сек...**

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 24-бет)

Сек (Рес., Саратов.) Еркек қой.

(ҚТДС-584 бет)

2. Байтабынның да **бедеуі** ала жөнелді.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 45-бет)

Бедеу (Қ. орда., Арал., Гур., Маңғ.) Түркіменнің жүйрік жылқысының тұқымынан шыққан ат.

(ҚТДС-159 бет)

3. Үш жүздің баласын қойдай өргізіп, қозыдай **көгендеу**.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 74-бет)

КӨГЕН (Алм., Жам.) Қой.

(ҚТДС-355бет)

Киім- кешекке байланысты атаулар:

1. Оқалы **қамзол**, зерлі шапан.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 25-бет)

Қамзол (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) костюм.

(ҚТДС-408 бет)

2. Ішінде солдаттары да бар, ана бір қақырайған **қалпақты** ақ көз Жәбірейіл, ана бір жатаған сарысы маңқа Әлексалды.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 42-бет)

Қалпақ (МХР) кепкі.

(ҚТДС-404 бет)

К.Қалпақ- МХР кепкі деп айтса, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қалпақ деп қалың бас киімді атайды, ал Солтүстік Қазақстан облыстарында қалпақ деп дөңгелек, күннің көзінен қорғайтын бас киімді атайды.

3. Белбеуіне семсерін тағып жатқан Саржанға ақ **сәлделі**, қатқан қара ешік-аға.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 65-бет)

СӘЛДЕ (Шымк., Мақт.) Әйелдердің басына тартатын жаулығы.

(ҚТДС-581бет)

Комментарии: Шымкент, Мақтарал өңірлерінде әйелдердің басына тартатын жаулығын сәлде деп атаса, Оңтүстік Шығыс өңірлерде шарқат деп атайды. Ал Қостанай, Жангелдин өңірлерінде әйелдердің басына тартатын жаулығын орамал деп атайды.

Күн райына, табиғатқа, уақыт мезгіліне байланысты сөздер:

1. Бұл жолы Қасым ханнан соң қазақтар аз **уақ** тағы да быж-тыж болып келіп, тек Хақназар кезінде ғана қайтадан бас қосып, іргелі ел болғанын, Тәуекел, Есім, Өз Тәуке хандардың тұсында тасы өрге домалаған, сырт дұшпандар шеніне келе алмаған айбынды мемлекетке айналғанын көзі от шаша отырып жырға қосты.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 70-бет)

УАҚ(Алм.,Кег.,Жам.,Қарақ.) Уақыт.

(ҚТДС-660бет)

2. Сыңсыған тал арасы тымырсық **бүк** екен.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 79-бет)

БҮК (Сем., Талд.) Желсіз, тымырсық.

(ҚТДС-191бет)

3. Кешкі **зауал** шақ.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 68-бет)

ЗАУАЛ (Қ.орда.,Арал.,Орал.,Орда.,Гур.,Маңғ.) Тал түс.

(ҚТДС-311бет)

4. **Бағанадан** есаул Лебедевке шалдың сөзін аудармай қойған.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 19-бет)

Бағана . (Ақт.,Қарабас.)Мана.

(ҚТДС-132 бет)

5. Ақыраған есек,шиқылдаған шаңырақтай қос дөңгелекті арба, шаң-шаң көшелерді қуалай аққан лай сулы **арықтар** да күндегідей.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 47-бет)

Арық (Шымк.,Түлк.) Соқамен жер жыртқан кездегі жал мен із.

(ҚТДС-73 бет)

Заттың сынын, сипатын білдіретін сөздер:

1. **Зор** денелі үш жігіт топтан бөлінді.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 14-бет)

Зор (Алм.,Шел.)әл,күш-қуат.Чікірттенгеннен бері зорым азайып,әлсіреп жүрмін.

(ҚТДС-316 бет)

2. Енді көш **шұбалаңдамай**,алды-артын жиып,көлді ығыстай таяп келеді...

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 13-бет)

Шұбалаң (МХР) Сылбыр.Бір шұбалаң байқұссың ғой.

(ҚТДС-739 бет)

3. Әттең, дүние –ай, қияңқы қыс қаһарлы келіп, баспанасыз **жалаң** жұрт сол жұт жылы ажал тапты...

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 21-бет)

Жалаң .(Сем.,Абай) жалаңдаған,жалмаңдаған.

(ҚТДС-256 бет)

4. Қазақта ол кезде не көп батыр көп, Кенесарының кейбір ерлігі ағалары **айбарының** тасасында қала беретін.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 31-бет)

Айбарлы (Гур.,Маңғ.) Тұлғалы.

(ҚТДС-28 бет)

5. Бірен-саран білте мылтықтың да шаңқ-шұңқ еткен даусы шықты, ана бір құлаған солдат қорғасын пытырадан мерт болғандай, **бозаң** шептің үстінде аунап-аунап түсті...

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 42-бет)

Бозаң (Алм.,Кег.,Шығ.Қаз.,Тарб.) Бос,нашар.

(ҚТДС-171 бет)

6. Тек Мәмет Әлім орнына болған Ташкент құшбегі Бегдербек **рабатында** ғана бүгін бір ғажайып өзгеріс бар секілді.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 47-бет)

РАБАТ (Қ.орда.,Арал) кең,үлкен.

(ҚТДС-560 бет)

7. Бәрі де **айқын** болды.

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 57-бет)

АЙҚЫН (Рес., Сарат.)Нағыз.

(ҚТДС-31бет)

8. Ташкент құшбегіндей іргелес ел емес, тоғыз таудың ар жағындағы **дәу** үйі тірізді,Қоқан ханының салтанат сарайының, тоғыз есігінен өтіп Мәделіге жеткенше кім бар, кім жоқ...

(Илияс Есенберлин «Қаһар романы» 61-бет)

ДӘУ (Қост.,Жанг.)үлкен,көлемді.

(ҚТДС-31бет)

Комментарии: Дәу сөзі Қостанай, Жангелдин аудандарында үлкен, көлемді деген мағынаны білдірсе, Батыс өңірлерінде үлкен көлемді дегенді нән деп атайды. Ал, кейбір өңірлерде үлкен, көлемді деген сөз әйдік, дәкөй деп те аталады. Автор бұл сөзді қолдану барысында шығармаға көркемдік ерекшелік үшін қолданып отыр

9. Бұл- орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, **жатаған** келген ат жақты сары сұр кісі.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 69-бет)

ЖАТАҒАН (Қ.орда, Арал) қырсық.

(ҚТДС-272бет)

10. Ақын енді алпысқа келген Абылайды үш жүзден шыққан өңшең қасқа мен **жайсаңдарының** шешімі бойынша Телікөлдің жағасында жұрт ақ киізге көтеріп Үлкен хан сайлағанын толғағанда төбесі көкке тигендей екі көзі жайнап кетті.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 72-бет)

ЖАЙСАҢ (Қ.орда., Арал) керемет, аса жақсы.

(ҚТДС-254бет)

- **Комментарии:** Жайсаң сөзі Қызылорда, Арал өңірлерінде керемет, жақсы дегенді білдірсе, Қостанай, Жангелдин өңірлерінде күшті деген мағынаны білдіреді. Ал Батыс өңірлерінде көбіне керемет, жақсы деген сөзді қасқа деп атайды. Автор бұл сөзді шығармасында қолдану барысында кейбір өңірлердің әдеби тілден басқа нұсқаларын қолдану арқылы шығарманы қызықты етіп отыр.

Азық-түлік атауларына қатысты сөздер:

1. Олар бекіністердің қабырғаларын, қақпаларын жөндеулері керек, Қоқан бектерінің бау-бақшасын, салған қауын-**қарбыздарын** қарап, ал соғыс бола қалса, өздерінің ат-көлігімен, қару-жарағымен төлеусіз-құнсыз қызмет істеуге міндетті.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 53-бет)

ҚАРБЫЗ (МХР) қауын.

(ҚТДС-424 бет)

2. Ерте піскен әңгелек, қара көк **күләбі**, сары ала бұқар **қауындарынан** аяқ алып жүргісіз.

(Ілияс Есенберлин «Қаһар романы» 47-бет)

КҮЛӘБІ (Жамб., Мер., Луг., Шу., Ақт., Қараб., Қ.орда., Арал., Сыр., Жал., Түрікм., Таш., Ашх., Мары.)Қабығы қатты, еті қалың суық күзге жақын пісетін қош иісті, тәтті қауын.

(ҚТДС-375 бет)

ҚАУЫН (Сем., Үрж., Мақ., Павл., Леб., МХР) қарбыз.

(ҚТДС-439 бет)

Комментарии: Әдеби тілдегі балама қауын сөзін МХР қарбыз десе, Семей, Павлодар өңірлерінде қарбыз сөзін қауын деп атайды. Ал Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінде қарбызды дарбыз деп атаса керек.

Қорытынды: 50 диалект сөздер талданып, топтарға бөлінді. Шығармада елу сөз әр тақырыптарға бөлінді. Мысалы, Ыдыс-аяққа байланысты екі сөз, Құрал-саймандарға қатысты төртеу, азық-түлікке қатысты үшеу, заттың сынын сапсаын білдіретін он сөз, күн райы, табиғат мезгіліне қатысты тоғыз сөз, киім-кешекке қатысты төрт сөз, мал шаруашылығына қатысты үш сөз, түйе шаруашылығына қатысты үш сөз бөлінді. Шығармада көп қолданылған диалект сөздер табиғат мезгіліне, күн райына, және заттың сынын сапасын білдіретін атауларына қатысты. Он бес диалект сөзге комментарии жазылды.

Слайдта сегіз пайдаланған әдебиет берілсе, мақаланың өзінде жиырма бір пайдаланылған әдебиет қолданылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Сарыбаев “Қазақ тіл білімінің мәселелері”, 2014 ж
2. Н. Оқас “Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы”, Алматы 1994 ж
3. М.Есімболова “ Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері”, Алматы 2001 жыл
4. Б. Жүсіпова “Түркістан тұрғындары тілінің ерекшелігі”, Алматы 2003 жыл
5. Ж. Мұхамбетов “Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні “, Алматы 2007 жыл
6. А. Есенбай “ Сыр өңірі жазушыларының тіліндегі жергілікті қолданыстар”, Алматы 2008 жыл
7. М. Атабаева “ Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі”, Алматы 2008 жыл
8. Қ. Есеновна “ Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атомдардың лингвомәдени сипаты “ , Алматы 2009 жыл